

*Ақпанның оны
Нәтиже сабақ*

*Мен не үйрендім?
2-сабақ*



**ОҚЫЛЫМ. 48-БЕТ.3-ТАПСЫРМА.МӘТІНДІ МҰҚИЯТ ОҚЫ.
ВНИМАТЕЛЬНО ПРОЧИТАТЬ ТЕКСТ.**

Алимбетов Ержан 1976 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 112 орта мектебінің түлегі. Онымен қатар 1-ші қалалық музыка мектебінде оқыған. 1991-1995 жылдары Қызылорда музыка училищесінде оқыған. 1996-2001 Алматы қаласының Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясында білім алған. Ұлытау тобының экс-солисті. 2018 жылдан бастап Жамбыл атындағы Мемлекеттік Қазақ филармониясының солисті. ҚР Жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет Қайраткері. Өзім Қызылорда өңірінің тумасымын. Кішкентай кезімнен домбыраның «кұлағында ойнаймын» десем де болады. Негізі біздің әулетте дәулескер домбырашы болмаған. Рахмет атам жырау болған екен. Өз бетімше талаптанып музыка мектебін, одан кейін училищені бітірдім. Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияда оқып жүргенімде Қыдырәлі ағамнан ұсыныс түсті. 1990 жылдардың аяғында жұмыс табу өте қиын болатын. Кез келген жұмысты істеуге құлшыныс білдіретіндер көп-тін. Ең алдымен іріктеу жүргізді. Таңдау маған түскенде қатты қуанғаным рас. Бүгінгі биігімізге жету үшін аянбай тер төгіп, күн түн демей жұмыс істеуге тура келді. Топта жұмыс істеу өзіме қатты ұнайды. Ең бастысы «тірідей» ойнау ұнайды. Кез келген топта мұндай мүмкіншілік бола бермейді. Өзімді «Ұлытаудан» бөліп қарай алмаймын. Бұл топтан кетем деген жоспарым жоқ. Басты мақсат – қазақтың қара домбырасы мен шежірелі күйін, классикалық музыкасын әлемге таныту. Осы жолда қамау терді аларлықтай аянбай еңбек ету. Бастысы - қазақ үшін, қазақ өнерінің болашағы үшін.

ЖАЗЫЛЫМ. ЖОҒАРЫДАҒЫ МӘТІННЕН ЕТІСТІКТЕРДІ ТЕРІП ЖАЗ, ҚАЙ ШАҚТА ТҰРҒАНЫН АНЫҚТА. **ВЫПИСАТЬ** ИЗ ВЫШЕУКАЗАННОГО ТЕКСТА ГЛАГОЛЫ И ОПРЕДЕЛИТЬ ВРЕМЯ ГЛАГОЛА.

49-БЕТ, 6-ТАПСЫРМА. ПОДГОТОВЬТЕ ФОТОКОЛЛАЖ, ВЫБРАВ ОДНУ ИЗ СЛЕДУЮЩИХ ТЕМ

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, фотоколлаж дайында қорға.

- Қазақтың күйшілері
- Ілияс Жансүгіров
- Қазақ әншілері
- «Ұлытау» тобы
- Қазақтың опера әншілері

Сау болыңыздар!